

"Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 05 ақпандағы № 42/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 наурызда № 4348 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2018 жылғы 21 ақпандағы № 50/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 21.02.2018 № 50/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" № 410 Жарлығына сәйкес, Шарбақты ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қолдансын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Асқаров

Шарбақты ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 5 ақпандағы
№ 42/2 қаулысымен
бекітілген

"Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзінің құзыреті аясында, білім беру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, басқа да нормативтік-құқықтық актілерге, сонымен қатар осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік тілде атауы жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында есепшоттары бар ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

5. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысады.

6. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапынан қатысуға құқығы бар.

7. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесі құзыретіне сәйкес мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіпте және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілерге сәйкес қабылданған шешімдер "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекеме басшысының бұйрықтарымен ресімделеді.

8. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің орналасқан мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 141100, Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Шарбақты ауылы, Советов көшесі, 53 үй.

10. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс кестесі: жұмыс күндері: дүйсенбі – жұма сағат 9:00-дан сағат 18:30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13:00-ден сағат 14:30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі – жексенбі.

11. Мемлекеттік мекеменің қазақ тіліндегі толық атауы: "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесі, мемлекеттік мекеменің орыс тілінде толық атауы: Государственное учреждение "Отдел образования Щербактинского района".

12. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Шарбақты ауданы әкімдігінің атынан мемлекет болып табылады.

13. Осы Ереже "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

14. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекеме қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

15. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында келісімшарт жасауға тыйым салынады.

Егер "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кіріс түсетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осы қызметтен алынған кірістер республикалық бюджет кірісіне аударылады.

2. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, мақсаты, қызметінің мәні, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

16. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы - білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

17. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мақсаты:

1) аудан тұрғындарының білім алу үшін конституциялық құқығын қамтамасыз ету және жүзеге асыру;

2) мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша білім беру, бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

3) ауданда білім беру жүйесінің қызмет етуін мемлекеттік қамтамасыз ету және оның қоғамдағы қажеттіліктің өзгеруімен байланысты оның дамуының жаңа әлеуметтік-экономикалық шарттарын әлеуметтік қорғау;

4) білім беруді дамытудың аймақтық бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру болып саналады.

18. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мәні:

1) аудан мектептерінің балаларды орта білім алу үшін есепке алатын қызметіне басшылық ету;

2) балаларды, оқушы жастарды және білім беру қызметкерлерін әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету;

3) жергілікті басқару органдары және білім беру мекемелерінің тікелей қатысуымен, ауылдық аймақтағы балаларды тасымалдау, оқушыларды жеңілдетілген тамақтандырумен қамтамасыз ету;

4) жергілікті қорғаншылық және қамқорлыққа алу жөніндегі органдарымен ата-ананың қамқорынсыз қалған балаларды қамқорлыққа алу және қажет болған жағдайда оларды балалар үйіне және мектеп-интернатына орналыстыруды ұйымдастыру;

5) негізгі сатыдағы мектеп түлектерін жұмысқа орналастыру және кейінгі білім алу мәселелерін шешу бойынша мектеп жұмысын ұйымдастыру;

6) білім саласында кадр саясатын жүргізу, нарықтық қатынастар, білім мазмұны үнемі өзгермелі жағдайда басқару және педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру;

7) ауданның білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту және қаржылық қамтамасыз етуді жақсарту;

8) аудандық білім беру мекемелерінің қоғаммен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, басқа да мекемелермен қарым-қатынас жасауын ұйымдастыру;

9) спорттық іс-шаралар, спорт түрлері бойынша жарыстардың қызметін үйлестіру және өткізу болып саналады.

19. Міндеттері:

1) аудан аумағында Қазақстан Республикасының білім беру саясатын іске асыру;

2) аудан аумағында Қазақстан Республикасының тәрбие саясатын іске асыру;

3) материалдық-техникалық базаны дамыту және нығайту;

4) білім беру саласында келешек, ағымдағы, нысаналы бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;

5) қоғамдық ұйымдармен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу;

6) ведомствоға бағынысты ұйымдарда қолданыстағы заңнаманы дұрыс қолданылуға бақылау жасау болып саналады.

20. Функциялары:

1) мемлекеттік стандарт негізінде ведомствоға бағынысты ұйымдардың білім беруді дамыту бағдарламаларын іске асыру жұмысын ұйымдастырады;

2) кешкі (ауысымды) оқу түрін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді қамтамасыз етеді;

3) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алу, оларды орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастырады;

4) оқушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастырады;

5) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және мектепке дейінгі білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын, мемлекеттік білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

6) мектепалды даярлық, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің, жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру

ұйымдарына оқулықтарды және оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізуді ұйымдастырады;

7) балалардың қосымша білім алуын қамтамасыз етеді;

8) мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарына және отбасыларына қажетті әдістемелік және консультативтік көмек көрсетеді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте білім беру ұйымдарының оқушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырады;

10) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген мемлекеттік қызмет көрсету тізіліміне сәйкес, жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсетеді;

11) ақпараттық жүйені оңтайландыру және автоматтандыру арқылы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жоғарылатуды қамтамасыз етеді;

12) мемлекеттік қызмет стандарттары мен регламенттерінің қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

13) қызмет алушылардың мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы хабардар болуын қамтамасыз етеді;

14) қызмет алушылардың мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша өтініштерін қарайды;

15) қызмет алушылардың бұзылған құқықтары, бостандығы мен заңды мүдделерін қайта қалпына келтіруге бағытталған шараларды қолданады;

16) мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;

17) ақпараттандыру саласындағы өкілетті органдарының келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін оңтайландыру және автоматтандыру жөнінде шараларды қолданады;

18) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, халыққа қызмет көрсету орталықтарына мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйелерге қолжетімділікті ұсынады;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ведомствоға бағынысты ұйымдарда мемлекеттік қызмет көрсету сапасына ішкі бақылау жүргізеді;

20) мемлекеттік қызмет стандарттарын сақтауды қамтамасыз етеді;

21) кәмелетке толмағандарға қатысты қамқоршылық және қорғаншылық бойынша мемлекеттік функцияларды жүзеге асырады;

22) ведомствоға бағынысты ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметіне кешенді талдау жасауды жүзеге асырады;

23) ведомствоға бағынысты ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметі, бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру мәселелері бойынша құқықтық, әдістемелік көмек көрсетуді қамтамасыз етеді;

24) қызметтік құжаттар мен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды, тиісті шара қолданады;

25) "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне қатысты мәселелер бойынша азаматтарды қабылдайды және оларға кеңес береді;

26) мемлекеттік тілдің кеңінен қолданылуы жөнінде шара қолданады;

27) аудандық ведомствоаралық комиссиясының жұмыс органының функцияларын жүзеге асырады:

кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау;

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға рұқсат беру мүмкіндігі туралы қортынды жасайды;

жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалуын, сауықтыруды және жұмыспен қамтуды ұйымдастырады;

28) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

21. Құқықтары мен міндеттері:

1) осы Ережеге сәйкес өз құзыретінің аясында білім беру мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органын ұсынады;

2) өз құзыретінің аясында ведомствоға бағынысты мекемелер мен кәсіпорындар үшін орындауға міндетті бұйрық қабылдауға;

3) белгіленген тәртіпте атқарушы биліктің мемлекеттік органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардан (олардың ұйымдастыру-құқықтық нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан) өз қызметтері бойынша мәліметтерді, материалдарды және құжаттарды сұратуға және алуға;

4) білім беру саласында қажетті мәселелерді шешу үшін уақытша және тұрақты жұмыс топтарын, комиссияларды және басқа ұжымдық органдарды құруға;

5) жарғылық қызметтерге сәйкес ведомствоға бағынысты ұйымдар мен кәсіпорындардың құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы қолдаухат беруге және бақылау жасауға;

6) белгіленген тәртіпте және қызмет мақсатына сәйкес бекітілген мүлікке иелік етуге және қолдануға;

7) жергілікті атқарушы органдардың келісімі бойынша өзінің негізгі қызметін жоспарлаға және білім беру саласының дамуын анықтауға;

8) ведомствоға бағынысты ұйымдар мен кәсіпорындардың қызметін талдауға;

9) теориялық және практикалық білім, шеберлік, дағдыларды жаңарту, сонымен қатар сапалы мемлекеттік қызмет көрсету мақсатында, білім бөлімінің мемлекеттік қызметшілерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етуге;

10) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға;

12) мемлекеттік қызмет стандарттары мен регламенттеріне сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге;

13) мүмкіндігі шектеулі адамдардың мемлекеттік қызметті алу кезінде оларға қажетті жағдай жасауға;

14) қызмет алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда толық және анық ақпарат ұсынуға;

15) мемлекеттік қызмет стандарттарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өткенге дейін бір тәуліктен кешіктірмей, халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесін халыққа қызмет көрсету орталығына жіберуге;

16) мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға;

17) қызмет алушылардың шағымдарын белгіленген мерзімде қарауға және оларды қараудың нәтижесі туралы хабардар етуге;

18) қызмет алушылардың сұрауы бойынша мемлекеттік қызметтің орындалу сатысы туралы хабардар етуге;

19) қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған шараларды қолдануға;

20) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйелердің үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

21) мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы өкілетті органымен белгіленген тәртіп бойынша енгізуді қамтамасыз етуге;

22) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйеде қамтылған, заңмен қорғалатын құпия мәліметтерді пайдалануға қызмет алушының жазбаша келісімін алуға;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да міндеттерді жүзеге асыру болып саналады.

3. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

22. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесін басқару "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттері мен функцияларын орындау үшін жеке жауапкершілікке тартылатын басшысымен жүзеге асырылады.

23. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

24. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекеме басшысының өкілеттігі:

1) "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесін мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда ұсынады;

2) "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

3) қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулығын бекітеді;

4) заңнамаға сәйкес қызметкерлерді қызметке тағайындайды, қызметтен босатады және тәртіптік жауапкершілік шара қолданады;

5) бұйрық қабылдайды және нұсқау береді;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасайды және жеке жауап береді;

7) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады;

8) заңнамаға сәйкес басқа да өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

"Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезде оның өкілеттігін орындау қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлғамен жүзеге асырылады.

25. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесі және тиісті саланың уәкілетті органдары (жергілікті атқарушы органдары) арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленеді.

26. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесі және еңбек ұжымы арасындағы қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес белгіленеді.

27. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен коммуналдық мүлікті басқару, уәкілетті органымен (жергілікті атқарушы органы) арасындағы қарым-қатынас қолданыстағы заңнамаға сәйкес анықталады.

4. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

28. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жедел басқару құқығында жеке мүлкі болады.

29. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік ауданның коммуналдық меншігіне жатады.

30. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамада белгіленген болмаса, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша бөлінген және қаржы есебінен сатып алынған мүлікті өз еркімен иеліктен шығаруға немесе өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және қысқарту (тарату)

31. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және қысқарту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

32. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесін таратқан кезде кредиторлардың талабы қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік, ауданның коммуналдық меншігінде жатады.

"Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басқаруындағы ұйымдардың тізбесі

33. "Шарбақты ауданының оқу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басқаруында келесі ұйымдар бар:

- 1) "Шарбақты ауданының Есілбай жалпы орта білім беру мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 2) "Шарбақты ауданының №3 жалпы орта білім беру мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 3) "Шарбақты ауданының Абай Құнанбаев атындағы орта жалпы білім беру мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 4) "Шарбақты ауданының Красиловка жалпы орта білім беру мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 5) "Шегірен орта мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 6) "Малиновка жалпы білім беру орта мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 7) "Шарбақты ауданының Жаңа-ауыл жалпы орта білім беру мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 8) "Алексеевка жалпы білім беру орта мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 9) "Шарбақты ауданының гимназиялық сыныптары бар жалпы орта білім беру мектебі" мемлекеттік мекемесі;

- 10) "Шарбақты ауданының Арбиген жалпы орта білім беру мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 11) "Шалдай жалпы білім беру орта мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 12) "Галкин жалпы білім беру орта мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 13) "Шарбақты ауданының Александровка жалпы орта білім беру мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 14) "Хмельницкий жалпы білім беру орта мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 15) "Шарбақты ауданының Орловка жалпы орта білім беру мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 16) "Шарбақты ауданының Сосновка жалпы орта білім беру мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 17) Шарбақты ауданының "Богодаровка негізгі жалпы білім беру мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 18) Шарбақты ауданының "Назаровка негізгі жалпы білім беру мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 19) "Шарбақты ауданының №2 жалпы негізгі жалпы білім беру мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 20) Шарбақты ауданының "Жылыбұлақ негізгі жалпы білім беру мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 21) Шарбақты ауданының "Северный негізгі жалпы білім беру мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 22) "Заборовка негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 23) "Қарабидай негізгі жалпы білім беру мектебі" мемлекеттік мекемесі;
- 24) "Шарбақты ауданының Николаевка негізгі жалпы білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 25) "Шарбақты ауданының Садық-Ащы негізгі жалпы білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 26) "Шарбақты ауданының Алға бастауыш білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 27) "Шарбақты ауданының Маралды бастауыш білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 28) Шарбақты ауданының Сүгір бастауыш мектебі;
- 29) "Шарбақты ауданы әкімдігінің, Шарбақты ауданының оқу бөлімінің Балалар музыка мектебі" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны;
- 30) "Шарбақты ауданы әкімдігінің, Шарбақты ауданының оқу бөлімінің "Радуга" мектептен тыс жұмыс орталығы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны.

